

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Аманбаева Айсәуле Жантемірқызы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

E-mail AAisaule@mail.ru

Тел: 87471366158

Аманбаева Айсаула Жантемировна

Кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник института Языкознание им. А.Байтұрсынова

Amanbayeva Aisaule Zhantemirovna

Candidate of philological Sciences, leading researcher of the Institute of Linguistics to them. A. Baitursynov

ҚАЗІРГІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ КӨРІНІСІ МЕН АПОСТРОФТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация

Қазіргі таңда қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі маңызды болып отыр. Өйткені елбасы 2025 жылға дейін еліміз толықтай латын әліпбиіне көшетіндігін баса айтқан болатын. Қазірге дейін үш түрлі (диграфка, апострофка, ақутқа негізделген) латын әліпби жобасы талқыланды. Бұл мақалада апострофтың тарихы мен өзге тілдердегі қолданысы жайында сөз болады. Сонымен қатар соңғы бекітілген ақутқа негізделген латын әліпби жобасы жайында сөз болады.

Кілт сөздер: латын графикасы, жазу, орфография, апостроф, ақут

Кіріспе. Апостроф – көне грек тілінде (көне грекше – ἀπόστροφος) пайда болған (жол үстінен әріп орнына қойылатын үтір сияқты қосымша таңба) жазу және латын әліпбиінде қолданылатын тілдің пунктуациялық белгісі болып табылады. Көне грек тілінде элизияны, яғни келесі сөздің басындағы дауыстылардың қысқанданып, түсіп қалуын апострофпен білгілеген.

Ең алғаш рет апострофты итальян саяси қайраткері әрі жазушысы Пьетро Бембо өзінің 1496 жылы шыққан *De Aetna* деген шығармасында қолданған. Кейін келе апостроф 16 ғасырда француз тілінің ықпалымен ағылшын тіліне енеді. Қазірге дейін апострофты қашан және қандай кезде қолданады дегенге байланысты лингвист-ғалымдар әртүрлі болжам айтып жүр. Көптеген ғалымдар ең алғашқы апострофты 16 ғасырда Францияда баспагер Джеффри Тори қолданған деген болжам жасайды [1].

Кейін келе кирил жазуында да, латын жазуында да апострофпен бере бастайды. Апострофпен белгілеу **орыс, украин, белорус, француз, ағылшын, әзірбайжан, неміс, нидерланд, македон, эсперанто, семит** тілдерінде жүзеге асқан.

Негізгі бөлім. Жалпы алғанда еуропа тілдерінің қайсібірін алсақ та, әліпбиінде апостроф берілмейді. Тек ережесінде беріледі. 1920-1930 жылдар аралығында **орыс тілі** орфографиясында ь орнына апостроф қойылған (под'езд, об'явление). Орыс тіл білімінде шет тіліндегі адам атын жазғанда сөз басында апостроф қойылған. Мысалы: *Жанна д'Арк, О'Коннор, д'Артаньян, Брен-л'Аллё* т.б. Сондай-ақ орыс тіліндегі жалғау мен жұрнақты ажырату үшін түбірі латыннан болған сөз бен қосымшаның арасына да апостроф қойған (с-moll'ная увертюра, пользоваться E-mail'ом, перевод А. Gréchas'a). Бұл кейін архаизмге айналған.

Украин мен белорус тілдерінде апострофты сөзді қысқарту мақсатында қолданған. Мысалы, «мо'» «*може*» «*мүмкін*», «*тре'*» «*треба*» «*керек*».

Кейбір тілдерде апострофты тыныс белгінің, диакритикалық таңбаның орнына да қолданған. Көптеген тілдерде дауыстыларды түсіріп, орнына апостроф қойып отырған. Мысалы: **француз тілінде** *l'homme - le homme*, осетин тілінде *ме'фсымæр - мæ æфсымæ т.б.*

Ағылшын тілінде дауысты мен дауыссыздарды түсіріп, орнына апостроф қойған. Мысалы: *I'm – I am, Give 'em a try – Give them a try* (Маған мүмкіндік бер), *he'llquit Britain – he will Britain* (Ол Англиядан кетті), *she'dhavesaid - she would have said* (Ол айтқанда ғой), *don't – do not* т.б. Жеке таңбалардың көптік мағынасын береді: *p's; four r's*. Негізінде ағылшын тілінде апострофты үш түрлі жағдайда қолданады: зат есімнің тәуелденуі; айтылмайтын (оқылмайтын) әріптердің орнын ауыстыру; сандардың, бас әріптердің және аббревиатуралардың (қыстырма) көпше түрлері *s* арқылы жасалғанда. Сондай-ақ ағылшын тілі сөздерін транскрипциямен беруде екпінмен айтылатын сөздер апострофпен беріледі [2].

Әзербайжан тілінде 2004 жылдарға дейін апостроф екі түрлі мақсатта қолданылған. 1. Дауыссыздың алдында тұрған дауысты дыбыс созылыңқы айтылуы үшін; 2. Араб тілінен енген сөздердегі дауыстыға дейінгі және дауыссыздан кейінгі дыбыстың арасын бөліп, анық айту үшін апостроф қойып отырған. Алайда, 2004 жылдан бастап емлеге өзгеріс енгізіліп, апострофпен берілу алынып тасталған.

Неміс тілінде де апостроф орфографиялық жағынан [s] дыбысымен бітетін атау септігі мен ілік септігінің арасын ажырату мақсатында қолданылған. Мысалы, *Marx' - Marx (Маркс)*. Сондай-ақ ауызша сөйлеуде әсіресе ән жазғанда жұтқыншақпен айтылатын дыбысты беру үшін де апостроф қойылатын болған.

Нидерланд тілінде кейде *het* қосымшасын беру үшін *'t* қысқаша вариантын апострофпен берген. Сондай-ақ дауыстымен аяқталатын зат есімнің жекеше түрін көпше түрге айналдыру үшін *'s* қойылған. Мысалы *ora's (ora - ата), baby's (baby - бала), auto's (auto - мәшине)*.

Македон тілінің кейбір диалект сөздерінде де дауысты дыбыстардың орнына апостроф қолданылады. Мысалы, *с'клет - саклет., к'смет- касмет* т.б.

Эсперанто тілінде атау септігінде тұрған зат есімнің соңғы дауысты дыбысы түсіп, яғни элизияға ұшырағанда немесе «la» қосымшасын қысқарту мақсатында апостроф қойылады. Мысалы: *l' kor' – lakoro*.

Семит тілдерінде транскрипциямен көмей дыбыстарын беру үшін апостроф қолданылған.

Карелия республикасының веп жазуында және славян тілдерінде дауыссыздарды жұмсарту мақсатында, ал чех жазуында жіңішке дауыссыздардан кейін апостроф қойылады. Латын тілінің кейбір тәжірибелік транскрипция жүйесінде және кирил транслитерациясында апостроф жіңішкелік белгіні білдірсе, ал жуан белгінің орнына екі апостроф қойылған.

Еуропа тілдерін саралау барысында апостроф әліпбиде берілмегенімен, латын жазуында да, кириллицада да ережеде берілген. Көбінесе дауысты

дыбысты жіңішкерту мақсатында және дауыстылар элизияға ұшырағанда апостроф қойылғандығы белгілі болды.

Жалпы біз апостроф пен дәйекші таңбасын ажыратып алғанымыз жөн. Еуропа тілдерінде апостроф әліпбиде берілмей, орфографияда беріледі. Ал дәйекші жеке дыбыстың жіңішкелігін білдіртпей, тұтас сөздің жіңішке айтылуын көздейді. Сондай-ақ жеке-жеке дыбысқа дәйекші қоймай, жіңішке айтылатын сөздің басына немесе ортасына ғана қойылған.

Қазақ тіл білімінде ең алғаш рет дәйекшіні А.Байтұрсынұлы қолданған. Ғалым 1912 жылы араб графикасына негізделген әліпби (төте жазуы) жасап, үш рет өңделеді. А.Байтұрсынұлы әліпбиі араб жазуының негізінде қазақ тілінің табиғатына лайықталып, бейімделіп жасалған болатын. Ол 1924 жылы 12-18 маусымында Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеп, ғылыми баяндама жасайды.

Біз дәйекші – тек буындардың жіңішкелігін білдіретін белгі ғана десек те, Ахмет Байтұрсынұлы оны әріптер санағына кіргізген. Неге? Өйткені қазақтың сөздері бірыңғай жуан буынды, не бірыңғай жіңішке буынды болып келетіндігін ескеретін болсақ, онда дәйекшінің ең алдымен осы тәртіпті қатаң қадағалайтындығын байқаймыз...[3]. Яғни ғалым дәйекшіні жіңішке буынды сөздерге қойып, дауыстылардың жіңішке айтылуына баса назар аударғандығы байқалады. Мәселен:

Жуан буынды сөздер

(дәйекшесіз)

айбат – (ایبات)

тыс – (تیس)

бас – (باس)

үн – (ؤن)

Жіңішке буынды сөздер

(дәйекшелі)

әйбәт – (ءایبات)

тіс – (ءتیس)

бәс – (ءباس)

үн – (ءؤن)

Ғалым дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке айтылуына байланысты оған дәйекші қоюға болатыны жайында былай дейді: «Дауысты дыбыстар **а, о, ұ, ы** осы тұрған күйінде жуан айтылады, мысалы: *аз, оз, ұр, сары*. Бұлардың жіңішке айтылатын орнын айыратын белгі дәйекшіні аламыз. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылмағын хабарландырады, яғни бұл белгі тұрған соң, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы басқа дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жіңішке айтылады, мысалы: *арман-әрмен, тор-төр, тұр-түр, жоны-жөні*. Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен жазуға болады. Мысалы: *'пале (пәле), 'ыш (іш), 'шайнек (шәйнек), 'ан (ән)* т.б.» [4, 205б.]. Осы орайда профессор Н.Уәли: «А.Байтұрсынұлының «бес дауысты» жүйесін, біздіңше, былай түсінуге болады. «Бес дауысты» жүйесімен әліпби түзе келіп, Байтұрсынұлы бес инвариант-фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы

жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, инварианттардың варианттары үшін бас-басынан әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. Сондай-ақ А.Байтұрсын әліпбидегі дәйекші суперсегменттік бірлікті көрсетсе, жеке әріптер сегменттік бірліктерді көрсетеді» [5] деген тұжырым жасайды.

Дауыссыз дыбыстарға қатысты да А.Байтұрсынұлы әліпбиінде <к>, <ғ>, <қ>, <г> фонемаларының арнайы таңбалары бар екендігі айтылып, ғалым әріптердің жазылуы жайында: “Қ, ғ әрдайым жуан айтылады, жіңішке айтуға көнбейді. <Қ> һәм <г> дәйім жіңішке айтылады, жуан айтуға келмейді. Қ мен ғ жазылған сөздердің алдында дәйекші қойылмайды, оны қойғанмен бұл хәріптер жіңішке айтылмайды. Қ мен г алдында дәйекші қойылмайды, оны қоймаса да айтылатын болған соң” деп нақтылаған [4, 194б.]. Яғни ғалым дәйекшіні барлық жіңішке айтылатын дыбыстарға қоймағандығы белгілі болып отыр.

А.Байтұрсынұлының төте жазуынан кейін 1927-1928 жж. ұсынылған алғашқы латын-қазақ әліпби жобаларында да дәйекші болған. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекші болған (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: a, b, c, d, e, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z және ‘ (Тілші, 17.09.27). Мұндағы һ – <ғ>, у – <u>-<i> фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.28) <ғ> – q, <ы>, <i> – ь етіп берді. Z – таңбасы сызықсыз жазылып, дәйекші ^ – деген таңбасымен ауыстырылады [4, 230б.]. Содан кейін Н.Төреқұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекші болса (a <a>, e <e>, i <ы>, <i>, o <o>, <ө>, u <ү>, <ү>, p <п>, в <б>, m <м>, f <ф>, w <у>, t <т>, р <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, c <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, y <й>, k <к>, g <г>, q <қ>, x <х>, һ <һ>, џ <ң>, ә <ә>, ‘), ал Х.Досмұхамедұлының әліпби жобасының бір нұсқасында 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостроф (’) пен дәйекші ауыстырылады: a, b, d, e, g, i, j, k, l, m, n, o, o, p, r, s, sh (ц), t, u, y, z, к’, h, ch (щ), tsh (ч), f, k, g’, n’. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ц>, <щ> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <к>, <г>, <ң> фонемалары к’, g’, n’ арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екінші мәрте көрсететін кезі бар: ‘k’or [4, 230 б.]. Содан кейін 1934 жылы Қ.Жұбанов қазақ әліпбиінің дәйекші қызметі бар мынадай жобаны ұсынады: Aa <a>, Bb <б>, Cc <ш>, Dd <д>, Ee <e>, Gg <ж>, Hh <h>, Ii <и>, Kk <к>, Ll <л>, Mm <м>, Nn <н>, Hң <ң>, Oo <o>, Pp <п>, Qq <қ>, Rr <р>, Ss <с>, Tt <т>, Û <ү>, Yy <ү>, Xx <x>, Zz <з>, Ъь <ы>. Сөйтіп, сөз жіңішкелігі e, k, g әріптерімен, болмаса дәйекші арқылы белгіленетін етеді. Сонда бұрынғы 13 таңба 7 таңбаға дейін қысқарған: a – <a>, <ә>; o – <o>, <ө>; y – <uv>, <uy>; ь – <ы>, <i>, i – <ij>, <ыj>; e – <e>, u – <ү>, <ү> [4, 260б.]. Қ.Жұбанов апостроф жайында: «Апостроф сохранить как знак препинания без какого-либо буквенного значения и без придачи значения толкователя твердого или мягкого произношения звуков и слов. Апостроф – знак подчеркнутой паузы в середине одного и того же слова и ничего больше. Апостроф разделяет

условное сочетание букв в одном слове: сокращенных названий от приставок и окончаний к ним» – дейді [6].

Қорытынды. Жалпы алғанда, Еуропа тіл білімі тарихында апостроф әліпбиде берілмей, ереже түрінде беріліп, элизияда, ь белгінің орнына, сөзді қысқарту мақсатында, дауысты мен дауыссызды түсіруде, көптік мағына беру үшін қолданған, ал қазақ тіл білімінде дәйекші А.Байтұрсынұлының әліпбиінен бастау алып, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін қойылғандығы белгілі болды.

Қазіргі уақытқа шейін үкімет отырысында үш әліпби талқыға салынып, алғашқы диграфқа негізделген әліпби көпшіліктің талқысына салынып, сынға ұшыраған болатын. Кейін елбасы апострофқа негізделген әліпби нұсқасын 2017 жылдың 26 қазанында бекіткен болатын. Алайда бұл әліпби нұсқасы да жазуға тиімді болмады. Бұл әліпби – 32 әріптен тұрады. Аа – Аа, Әә – А'а', Бб – Вb, Вв – Vv, Гг – Gg, Ғғ – G'g', Дд – Dd, Ее – Ее, Жж – Jj, Зз – Zz, Йй (Ии) – I'i', Кк – Kk, Ққ – Qq, Лл – Ll, Мм – Mm, Нн – Nn, Ңң – N'n', Оо – Oo, Өө – O'o', Пп – Pp, Рр – Rr, Сс – S s, Тт – Tt, Уу – U'u', Ұұ – Uu, Үү – U'u', Фф – Ff, Хх (Hh) – Hh, Шш – S' s', Ыы – Уу, Іі – Ii, Чч – C'c'. Бұл әліпби жобасында 23 әріп жеке таңба ретінде берілсе, ал 9 әріп апострофпен берілген. Бұлай берудің ұтымды да, қолайсыз да жағы бар. Ұтымды жағы тез жатталады. Мысалы: А мен ұ дауысты дыбысы жуан болса, ә мен ү жіңішке, сондықтан оларды апострофпен беруге болады. Алайда жазу кезінде бір сөзде екі немесе үш әріп апострофпен келетін болса, көзге оғаш көрініп, сөздің тұрқы бұзылып, арасы ашылып қалары анық. Мысалы: *Алтыншааш – Altyns'as', әңгіме – a'n'gime, көңілді – ko'n'ildi, рухани жаңғыру – ru'hani' jan'g'ury', әліпби – a'lipbi', әріп – a'rip, дәстүр – da'st u'r, әскер – a'sker, дәм – da'm, әниі – a'ns'i, атақәсіп – ataka'sip, дәреже – da'reje, өнеркәсіп – o'nerka'sip, әлжуаз – a'lju'az; гажайыт – g'ajai'yp, галамшар – g'alams'ar, гарышкер – g'arys'ker, дағдарыс – dag'darys, данышпан – danys'pan, даңғаз – dan'g'aza, дамушы ел – damy's'y el; дереккөз – derekko'z, өкілдік – o'kildik, көрсету – ko'rsety', көбелек – ko'belek, өнер – o'ner, сөз – so'z, дөңгелек – do'n'gelek; үй – u'i', үйшік – u'i's'ik, үстел – u'stel, үйірме – u'i'irme, күлкі – ku'lki, дүниежүзі – du'ni'eju'zi, дүниеқоңыз – du'ni'eqon'yz, ержүрек – erj u'rek; жабдықтаушы – jabdyqtay's'y, жазбаша – jazbas'a, жарғыш – jarg'ys', жарықсүйгіш – jaryqsu'i'gis', жауапкершілік – jay'apkers'ilik, кішіпейілділік – kis'ipeıldilik, ыңғайлы – yn'g'aily* т.б.

Елбасы 2018 жылдың 19 ақпанында апострофқа негізделген латын әліпбиін өзгертіп, ақутпен (әріпүсті таңба) жазуды ұсынды.

**Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИ**

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	N n	[n]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[c]
8	Ǵ ǵ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ʏ]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	İ i	[ɨ], [ɨ]	27	V v	[v]
12	J j	[j]	28	Y y	[ɨ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Қорыта келгенде, бұл жазу апострофқа негізделген латын әліпби жобасына қарағанда тиімді, алайда ішінара **ш, ч, и, у** әріптерін таңбалауда әлі де болса ойланатын тұстары бар.

Әдебиет

1. Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов. – М., 2006.
2. Попов М. Полный словарь иностранных слов, вошедших в употребление в русском языке. – М., 1911.
3. Сейітұлы А. Жаңа қазақ әліпбиі немесе латын жазуына «Ахметше» көшу // Abai.kz ақпараттық порталы.
4. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы – А., 2013.
5. Уәли Н. А. Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы – А., 1999.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – А., 1966.

Современный латинский алфавит на основе латинской графики и функции апострофа

Аннотация

Латинизация казахского языка в настоящее время актуально. Потому что президент Казахстана акцентировал внимание что в стране до 2025 года переходит на латинский алфавит полностью. До этого времени обсуждены три различные проекты (диграф, апостроф, акут). В этой статье речь идет об истории апострофа и действие других языках. Описываются последний утвержденный проект латинской графики на основе акута.

Ключевые слова: латинская графика, письменность, орфография, апостроф, акут.

Modern Roman alphabet on the basis of the Latin graphic arts and function of apostrophe

Annotation

Latinization of the Kazakh language is currently relevant. Because the president of Kazakhstan emphasized that in the country until 2025 he switched to the Latin alphabet completely. Up to this time, three different projects have been discussed (digraph, apostrophe, acute). In this article we are talking about the history of the apostrophe and the action of other languages. The last approved draft of Latin graphics on the basis of acute effects is described.

Key words: Latin graphics, writing, spelling, apostrophe, acute.

Т.В.К.